

**ҚР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ВЕТЕРИНАРИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КАФЕДРАСЫ
ІНДЕТТАНУ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРЫ ПӘНІ**

СӨЖ № 1

ТАҚЫРЫБЫ: Індетке қарсы сауықтыру шаралары

ОРЫНДАҒАН: ЗҮЛМАТ М.

ВМ-406 (II)

ТЕКСЕРГЕН: Г.Д. ИЛЬГЕКБАЕВА

В.Ф.Д., ПРОФЕССОР

Жоспар

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім

2.1 Индет қарсы сауықтыру шаралары

2.2 Карантин және шектеу

2.3 Жұқпалы аурулардың емі

2.4 Жануарларды иммундеу


3. Қорытынды

Кіріспе

Індетке қарсы шаралар жұқпалы аурулардың шығуына және олардың таралуына жол бермеуге бағытталады. Жұқпалы ауруларды болдырмау үшін дауалау (алдын алу) шаралары іске асырылады, ал ауру шыға қалған күнде оны жою (сауықтыру) шаралары қарастырылады.

Індетке қарсы шаралар жалпы және арнайы болып екі топқа бөлінеді. Жалпы шаралар кез келген жұқпалы ауруға бағыттталған отрақ сипатта болады. Арнайы шаралар нақтылы бір жұқпалы ауруға қарсы бағытталады да, оған сол ауруды балау және жанауарларды иммундеу жатады.

Індетке қарсы шараларды іске асыру негіздері




```
graph TD; A[Індетке қарсы шараларды іске асыру негіздері] --- B[Індетке қарсы шаралардың басты негізі – олардың кешенді түрде жүргізілуі.]; A --- C[Екінше бір негіз – індетке қарсы шаралардың белгілі бір жүйемен жоспарлы түрде жүргізілуі.]; A --- D[Індетке қарсы шаралардың үшінші негізі – олардың мемлекеттік сипаты.]
```

Індетке қарсы шаралардың басты негізі – олардың кешенді түрде жүргізілуі.

Екінше бір негіз – індетке қарсы шаралардың белгілі бір жүйемен жоспарлы түрде жүргізілуі.

Індетке қарсы шаралардың үшінші негізі – олардың мемлекеттік сипаты.

Індетке қарсы сауықтыру шаралары



Балау

Індет ошағының одан әрі ұлғаюына жол бермеу үшін жүргізілетін ең басты шара ретінде *карантин және шектеу* қолданылады.

Індеттанулық балау – шаруашылыққа жүргізіледі, індет ошағына індет процессінің іш буынына сипаттама беру үшін жүргізіледі.

Нозологиялық балау – аурудың атауын анықтау.

Карантин және шектеу

Карантин (итальянша *quarentana* – қырық күн, сөзбе сөз *quaranta giorni*) – жұқпалы аурудың таралуына қарсы бағытталған шектеу шараларының жиынтығы.

Карантин негізінен аса қауіпті жұқпалы аурулар шыққан кезде қойылады.

Шектеу шаралары – карантиннен гөрі шарттары бәсеңдеу қарым – қатынасты тежеуге бағытталған тыйым жолдары. Оларды тез арада тарай қоймайтын жұқпалы аурулар кезінде қолданады.

Ауру қоздырушысының бастауына қарсы шаралар. Әр түрлі зерттеулердің нәтижесі бойынша жануарлар үш топқа бөлінеді:

Ауруы айқын жануарларға диагнозы күдіксіздер жатады.

Ауруы дүдәмал диагнозы түпкілікті қойылмағандар жатады.

Аурудың жұғуы күдіктілерге барлық қалған малдар жатады.

Жұқпалы аурулардың емі

Жұқпалы аурумен ауырған жануарларды емдеу кешенді түрде жүргізіледі. Бұл кешен *этиотропты және симптоматикалық* емдеу шараларынан тұрады.

Этиотропты ем – аурудың себебіне яғни оның қоздырушысына қарсы бағытталады.

Симптоматикалық дәрі-дәрмектер ауырған жануардың жағдай күйіне байланысты дененің қызметін қалпына келтіру мақсатында пайдаланылады.

Жұқпалы ауруларға шалдыққан жануарларды санитарлық қасапханада сояды.

Аса қауіпті инфекциялар кезінде малдың ұшасы техникалық пайдалануға жатқызылады немесе өртеу арқылы, не басқа жолмен жойылады.

Жануарларды иммундеу

Иммундеу – ауруды алдын алу үшін, сауықтыру шаралары жануарларды жұқпалы ауруға қарсы жасанды жолмен яғни, қолдан иммундеу белсенді және енжар әдістер арқылы іске асырылады. Белсенді иммундеу үшін вакциналар, ал енжар иммундеу үшін иммуноглобулинді препараттар(гипериммундік қан сарысуы) жатады.

Жұқпалы ауру байқалғанда, сол ауруға қарсы иммундік дәрмектер қолданылады. Егер жануарлар инфекция қоздырушысының бастауымен жанаспаған болса, вакцинациялау арқылы белсенді иммундеу жүргізіледі. Егер жануар инфекция қоздырушысының бастауымен жанасқан болса, немесе тез арада ауру шығып кету қаупі туса, онда вакцинамен қатар иммуноглобулиндік дәрмектер арқылы енжар иммундеу әдісін қолдану, яғни симультанды иммундеу, жақсы нәтиже береді.

Кей жағдайда ауруға қарсы микробтарға қарсы әсер ететін әр түрлі дәрі-дәрмектер қолданалыды. Аурудың мұндай алдын-алу әдісі *фармокопрофилактика* деп аталады.

Қорытынды

Індетке қарсы сауықтыру шараларды жүргізу індеттанудың ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Дер кезінде сауықтыру шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру көптеген жұқпалы аурулардың алдын-алуға мүмкіндік береді. Немесе мал ауырған жағдайда сауықтыру шаралардың ережелерін сақтау аурудан тез айығуға және мал басын сақтап қалуға, зарардану аймағын шектеуге мүмкіндік береді.



Назарларыңызға рахмет!!!

